

К. А. Асетова

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы.

Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері.

(Қазақстан, Түркістан қ.)

kunsulu202408@gmail.com

ҒАШЫҚ ЖҮСІП АТА ҚОЛЖАЗБАСЫ: ЯСАУИ СОПЫЛЫҚ МЕКТЕБІНІҢ КӨРІНІСІ

Аңдатпа. Мақалада XII–XIII ғасырларда өмір сүрген, Қожа Ахмет Ясауи ілімінің көрнекті өкілі әрі шәкірті - Ғашық Жүсіп атаның қолжазбасы талданады. Түркістан қаласынан табылған көне жазба дерек негізінде Жүсіп атаның рухани жолы, сопылық дүниетанымы, ғашықтық концепциясы және тариқаттағы орны жан-жақты қарастырылады. Қолжазбада насабнамалық мәліметтер, діни, сопылық тәжірибе мен тариқаттық құрылымдар көрініс тапқан. Жазбадағы сопылық ұғымдар мен тарихи деректер Ясауи жолының идеялық жалғастығы мен рухани сабақтастығын дәлелдейді. Бұл мұра Ясауитану ғылымына тың үлес қосып, түркілік сопылық дәстүрді тереңірек түсінуге жол ашады.

Кілт сөздер: Ясауи, Жүсіп ата, сопы, шейх, зікір, шарифат, тариқат, шағатай, насабнама.

Асетова К. А.

Национальный историко-культурный музей-заповедник «Азрет Султан».

Научный сотрудник научного центра Ясавиведения.

(Казахстан, г. Туркестан)

kunsulu202408@gmail.com

РУКОПИСЬ АШИК ЖУСУП АТА: ОТРАЖЕНИЕ ЯСАВИЙСКОЙ СУФИЙСКОЙ ШКОЛЫ

Аннотация. В статье анализируется рукопись Ашик Жусип ата видного представителя и ученика суфийской школы Ходжи Ахмета Ясави, жившего в XII–XIII веках. На основе древнего письменного источника, сохраненное у потомков, в городе Туркестан, всесторонне рассматриваются духовный путь Жусип ата, его суфийское мировоззрение, концепт любви к Богу и его место в тариқате. В рукописи представлены генеалогические сведения, религиозно-суфийский опыт и структура тариқата. Суфийские термины и исторические данные, содержащиеся в тексте, доказывают идейное продолжение и духовную преемственность пути Ясави. Это наследие вносит значительный вклад в науку «ясавиведение» и открывает новые горизонты в изучении тюркской суфийской традиции.

Ключевые слова: Ясауи, Жусип Ата, суфий, шейх, зикр, шарият, тариқат, чагатай, насабнама.

Asetova Kunsulu

"Hazret Sultan" Ulusal Tarihî ve Kültürel Koruma Alanı Müzesi

Yesevî Araştırmaları Bilimsel Merkezi, bilimsel çalışanı.

(Kazakistan, Türkistan)

kunsulu202408@gmail.com

ÂŞIK YUSUF ATA YAZMASI: YESEVÎ TASAVVUF OKULUNUN BİR YANSIMASI

Özet. Bu makalede, XII–XIII yüzyıllarda yaşamış olan ve Hoca Ahmet Yesevi'nin tasavvufi ekolünün önde gelen temsilcilerinden ve müridlerinden biri olan Âşık Zhusip Ata'ya ait bir yazma eser ele alınmaktadır. Türkistan şehrinde bulunan bu kadim yazılı kaynak temelinde, Âşık Zhusip Ata'nın manevi yolu, tasavvufi düşünce sistemi, ilahi aşk anlayışı ve tarikatındaki konumu çok yönlü olarak analiz edilmektedir. Eserde nesep bilgileri, dini-mistik deneyimler ve tarikat yapıları yer almaktadır. Metindeki tasavvufi kavramlar ve tarihî veriler, Yesevi yolunun fikrî devamlılığını ve ruhani silsilesini ortaya koymaktadır. Bu miras, Yesevîlik araştırmalarına değerli katkılar sunmakta ve Türk tasavvuf geleneğinin derinlemesine anlaşılmasına imkân sağlamaktadır.

Anahtar kelimeleri: Hoca Ahmet Yesevi, Âşık Zhusip Ata, sufi, şeyh, zikr, şariat, tarikat, nesebname.

Өзектілігі

Қожа Ахмет Ясауидің өмірбаяны мен оның кесенесінің сипаттамасы тарихшылар мен географтардың, саяхатшылар мен шығыстанушылардың, археологтар мен сәулет өнері мамандарының еңбектерінде біршама кең баяндалған [1:8]. Қожа Ахмет Ясауи Ислам өркениетінің ұлы ұстазы [2:83] түркі дүниесінде сопылық дәстүрдің негізін қалаған, XII ғасырда өмір сүрген ұлы ғұлама, түркі елінің пірі [3: 56]. Оның ілімі тек өз заманының ғана емес, кейінгі ғасырлардағы түркілік сопылық әдебиет пен дүниетанымға зор ықпал еткен Ясауи мектебінен тәлім алған ізбасарлары бұл ілімді әртүрлі аймақтарда жалғастырып, рухани жолды кеңейте түсті, солардың бірі - Ғашық Жүсіп ата. Ғашық Жүсіп ата есімі сопылық ортада белгілі болғанымен, оның шығармашылық мұрасы ғылыми айналымда толық зерттелмеген. Ұрпақтарында сақталған шағатай тіліндегі қолжазбасы Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімінің жалғастығын анықтауға тың мүмкіндік береді. Мақалада аталған қолжазба негізінде Жүсіп атаның рухани жолы, сопылық ұстанымдары мен ғашықтық концепциясы сараланып, Ясауи ілімімен рухани үндестігі ашылады.

Ясауи жолының көрнекті өкілдерінің бірі Ғашық Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауидің рухани мектебінен шыққан замандасы әрі шәкірттердің бірі. Қожа Ахмет Ясауи негізін қалаған сопылық мектеп түркі дүниесінде кеңінен таралып, оның ізбасарлары арқылы жалғасын тапты. Солардың бірі – Ғашық Жүсіп ата. Оның қолжазбасы – тек әдеби немесе діни мәтін емес, рухани тәрбиенің терең көзі.

Мақсаты мен міндеттері

Ғашық Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауи ілімінде ерекше орын алады, себебі Жүсіп ата тек шәкірт қана емес, сонымен бірге бұл ілімнің белгілі бір бағытта дамуына ықпал еткен, оны өмірінде қолданып, шәкірт тәрбиелеген сопы, ғалым. Ғашық Жүсіп ата – Қожа Ахмет Ясауидің тікелей рухани шәкірттерінің бірі, Ясауидің ілімін терең түсініп, әрі қарай жалғастырған тұлғаларының бірі. Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауидің сопылық ілімнің практикалық жағын, зікір, рухани тазару, тәуекел, қызмет, бойсыну (тағат) сынды қағидаларын өмірлік ұстаным етіп, шәкірттеріне де соны үйретті. Жүсіп атаны - ғашықтық жолының өкілі деуге де болады. Ғашық Жүсіп ата деген лақаптың өзі оның сопылықтағы «ғашықтық» жолын таңдағанын көрсетеді [4]. Бұл – «Хаққа» Жаратушы Аллаға деген сүйіспеншілік пен махаббат жолы. Ясауи ілімінде бұл маңызды ұғым, Жүсіп ата осы жолдың жарқын үлгісін көрсеткен тұлға. Жүсіп ата түркілік дәстүр мен сопылықты ұштастырушы. Оның ілімінде исламдық сопылық пен жергілікті түркілік

дүниетаным қатар өрілген. Бұл да Ясауи ілімінің басты ерекшеліктерінің бірі, әрі оның дәстүрлі жалғасы. Оның шығармалары арқылы біз Ясауи ілімінің XII ғасырдан кейінгі дамуын, қолданысын, рухани ықпалын зерделей аламыз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қолжазба мұраларын зерттеу рухани, тарихи және ғылыми тұрғыдан аса маңызды тақырып. Ясауи ілімі мен сопылық дәстүр контекстінде қарастыру ғылым үшін өзекті бағыттардың бірі. Қолжазба мұралары – өткен заманның үнсіз куәсі. Әсіресе түркі-мұсылман руханиятының қайнарлары саналатын сопылық әдебиет пен тарихи шежірелердің басым бөлігі осы қолжазбалар арқылы бізге жеткен. Қожа Ахмет Ясауи бастаған рухани мектептің ілімі, оның шәкірттері мен ізбасарларының еңбектерін, мұраларын зерттеу – тарих пен руханиятты танудың сенімді жолы. Қолжазбалар – мәдени-рухани мұраның қайнар көзі, қолжазбаларда ғасырлар бойы рухани тәжірибе, ғұламалар ілімі мен халық даналығы жинақталған. Әсіресе Ясауи іліміне қатысты хикметтер, сопылық өсиеттер мен тариқат ережелері, насбнама шежірелері жазба дәстүрі арқылы сақталынған.

Қолжазбадан үзінді

Түркістан қаласының тұрғыны СайидАлим Нұршиддин ұлының үйінде ата-бабалардан қалып сақталған қолжазба. Қожа Ахмед Ясауидің күйеу баласы – Хазірет Ғабдуллаһ шурида еді. Қарындасын алу үшін төрт кісіні жібергені жайлы жазылған. Хазірет Хаким Ата (Алла олардың күнеларын кешірсін), Хазірет Салих Ата, Хазірет Сұлтан Баба Машын Хазірет Әлиден тарайтын Данышманд Ата, Хазірет Шайх Абул Хусейн Бағдади Хазірет Хожаға Ғабдуллаһ Шурида үшін жіберіп, қабыл қылдылар. Бұл төрт кісі Қожа Ахмед Яссауидің қарындасын Хазірет Хожа Ғабдулла Шуриданы өзіне жар етіп алу үшін Қожа Ахмед Яссауидің алдына жіберіп және олар қалай қабыл етіп, қарсы алғаны жайлы баяндалады. Сонымен қатар бұл жиында адам саны өте көп болғаны кімдер келгені жайлы жазылады. Тоқсан тоғыз мың машайық жиналып, мың патша ұрпақтары, мың ақсүйектердің ұрпақтары және де мыңдаған әулиенің ұрпақтары қатысқаны жайлы жазылған. Тоқсан тоғыз мыңнан асқан жиналған қауым жақсы лебіз тілектерін тілеп, барлығы жақсы сөз айтып, жақсы тілек, дұғалар тілеп неке оқылып неке суы ішілгені, неке оқылғаны жайлы жазылған. Хазірет Ғабдуллаһ шурида мен Бибі Хубруи анамыздан Хазірет Ғашық Жүсіп ата туылатыны жайлы жазылған, Бибі Хубруи анамыз Хазірет Қожа Ахмед Яссауидың һәмширесі еді деп жазылған. Һәмшире деп ескі түркі, парсы тілінде қарындас, сүт бауыры деген мағынаны береді. Бибі Хубруи – ажарлы, ақжарқын деген мағынада. Сонымен қатар мұнда Хазірет Ғашық Жүсіп Ата – атадан Хазірет Омардан (р.ғ.) таралғаны жайлы, анадан – Хазірет Әлиден (р.ғ.) таралғаны жайлы тың директер келтірілген.

Хазірет Ғашық Жүсіп Ата Яссы шахарында өмір сүріп жатады, Хазірет Ғашық Жүсіп Ата он екі жыл Хазірет Ғабдуллаһ шурида қызметінде болады, тариқат сәруәрі Хазірет Сұлтан Хожа Ахмед әулиенің қызметінде болатыны жайлы жазылған. Содан кейін Яссауидің шәкірті, бірнеше жыл қызмет еткен Хакім ата жайлы дерктер келтіріледі. Хазірет Сұлтан «Хазірет Хакім атаның қызметі бізге көп болды» деп, «бірнеше жыл қызмет еттің» деп рұқсат беріп, батасын береді: Хорезмнің әкімі етіп, патша сайлап, бір ақ түйе беріп, түйеге мінгізіп батысқа қарай Хорезмге жолға сапарға аттандырады. Түйе жолға шығып, Яссы шаһарынан шығып, еш бір жерге шөкпей Сырдария асып, Хорезмге барып жетіп, бір-ақ шөккені жайлы жазылады. Хакім ата патша қызметінде болады.

Және де мұндағы қолжазбадағы мәліметтерде Қожа Ахмед Яссауи Жүсіп атаны шақырып Иқан жеріне «әкім бол!» деп жібереді. Иқан халқы Ғабдулла шурида мен Ғашық Атаны Иқан шекарасында күтіп алуға шығады. Сол кезде сол жерде «Оңласқан Ата» атты мешіт салынып, сосын сол жерде «Аб әнгуриң көп булғай» деп Иқан халқына яғни «суын көп болсын, жүзімін

көп болсын» деп бата береді, Бұл жер «мүбәрак болды» құтты бір мекен болды деп мешіт салдырады. Иқан халқы Ғабдулла шуридамен Ғашық атаны қонақ қылып шақырып күтеді, Хушрабат атты жерінің халқы да қонақ етіп күтеді, Жақа (Шаға) халқы да қонақ етіп күтеді, Қошқорған халқы да қонақ етіп күтеді, одан кейін Жүйнек халқы да қонақ етіп күтеді. Батыс шекарасы бітіп Созақтықтар қонақ қылуға шақырып келеді Қара аспан дықтар да (Төрткүл) қонаққа шақыруға келеді, Сәске уақытында бесін уақытында Хазіреті Ата жаршы болып (посыльный) келеді. Я, Ғашық Ата, деп сәлемдесіп, хал сұрасып «Сізге Хазірет Сұлтан сізді «мүбарак бад» ету үшін (құрмет ету үшін) келе жатыр деп хабар береді. Сонда Ғашық Ата Қожа Ахмет Ясауидың алдынан шығып, қарсы алып, кездеседі. Кездескен жері Махат жері мен Шаға арасындағы жер, Сол кезде Хазірет Сұлтанның дидарын көру бақыты бұйырады, шарапат алады. Ғашық Атаға, оның тегіне ата бабаларына «мүбарак бад» етіліп, құрмет көрсетіп жақсы сөздер айтылады. Бір күн, бір түн мәжліс болады, тоқсан тоғыз машайық адамдар алдында, сол жердің патшасы, мутасадди, әкімі болып баруына тағайындалынады. Тағы да Яссауи мешіт салдыртады, оған «Жығылған Ата» деген ат беріліп, Яссауи көптеген жерлерге ие болғаны жайлы жазылған. Сонымен қатар Бұл жерде Жүсіп Атаны Қожа Ахмет Ясауи алдына шақырып, Иқан жеріне әкім бол деп жібергені жайлы жазылған. Жоғары Өзгент, кіші Өзгент Ясауидің қарамағында еді, Иқанды Жүсіп Атаға берді, су мен жерді бөлу басталғаны жайлы жазылған. Күндерді бөліп қай күн қайда берілетіні жайлы жазылған, бес күн Иқан аулына ағады, таудан келетін су Иқаннан кейін Жүсіп атаның өзінің вакф жерлеріне бір тәулік, судын қожайыны Қожа Ахмет Ясауи болып, жер беріп, су беріп, Жүсіп атаға мейрімділігін танытып жатыр. Азаншы Атаға да бір бөлігін беріп жатыр. Бұл сулардың аты ғұрымсай деген су атауы, бұл суларды Хазірет Сұлтан (севинчпен судовольствием өз разылығымен береді). Ғашық Ата жазаваға келеді, транс болады Ясауидің жолын алады. Хазірет Сұлтан жермен қоса су береді, барлығын бөліп беріп жатты. Ташанақ жерін өзіне алып, Оранғай Ташанақ жерлерін Ғашық атаға қосып береді. Ғашық Жүсіп Ата сол жерлерді басқарып жатады, күндердің бір күні Ғашық Ата ғайып болып, жоқ болып кетеді. Ешкім оны көрмей қалады, жоқ боп қалады. Хазіреті Ғабдулла шурида қатты уайымға салынып, қайғыға батады. Күндердің бір күнінде бір адамдар Иқан дарбазасының алдына келеді. Ол адамдарды еш бір адамдар танымайды, оларды Ғабдулла шуриданың алдына алып барады. Олар сізде ұл перзенттеріңіз бар деп жатады. Ғабдулла Шурида да: «Жүсіп деген ұлым бар еді, бір неше күн болды ғайып болды, қайда, қай жерге кеткенін білмеймін» деп уайымға салынғанын айтады. Келген кісілердің біреуінің аты Жолкәуаж Ата сол кісі «сіз бір дұға қылыңыз, келсін деп, келеді» дегенде, Ғабдулла шурида әкесі болса: «Сіз меймансыз, қонақсыз сіз дұға етіңіз!» дейді. Сонда Жолкәуаж ата дұға қылады да, ал Ғабдулла шурида «әмин» деп батасын қайырған деседі. Сол кезде есікті Ғашық Ата «Әс-сәламу алейкум!» деп есікті ашып келеді. Сонда Ғабдулла шурида Ғашық атаға қарап ұлым сен қайда болдың? Жолкәуаж ата сұрап жатыр» дейді. Ғашық Ата «Ғайып ерендердің тахтизанында» едім деп жауап береді. Ғайып ерендер әулиелерге көрінеді, жай адамдарға көрінбейді. Әулиелердің жанында ұшып жүрдім, ілім үйрендім дейді екен. Сонымен әулие Ғашық ата әулиелік дәрежеге жетеді.

Қолжазбада Ғашық Жүсіп Атаның беделді кісі болғаны жайлы, қартайған шағында Қожа Ахмет Ясауи осы Жүсіп Атаға «Жақа» жағадан тауға дейін өзінің жерін бөліп бергені жайлы және де Иқан аулының мутасадди, кіші әкімі етіп тағайындап жібергені жайлы жазылған. Иқан халқы сол кезде бағбаншылыққа, әсіресе жүзім өсіруде үлкен тәжірибиеге ие болып, Қожа Ахмет Ясауи Иқан аулына келгенде, үлкен жолдың бойында Ғашық Жүсіп Ата он екі түрлі жүзіммен күтіп алғаны жайлы да жазылған [4].

Талқылау

Түркістан қаласының тұрғыны СайидАлим Нұршиддин ұлының үйінде ата-бабалардан қалып сақталған қолжазба. Мұндағы түпнұсқа қолжазбаның ұзындығы 4 метр, көшірмесінің ұзындығы 3 метр шамамен, 210 қатардан тұратын, шағатай тілінде, арабтың «настағлик» үлгісінде жазылған қолжазба тарихи, рухани және мәдени тұрғыдан аса құнды мұра. Сақталған тарихи қолжазба Қожа Ахмет Ясауидің замандасы әрі шәкірті Жүсіп атаға қатысты бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген тың деректерді қамтиды. Қолжазбада Жүсіп атаның шежіресі Умар ибн Хаттабтан (р.а.) бастап таралады, бұл оның тегінің ардақты сахабалармен сабақтас екенін көрсетеді. Насабнамалық мәліметтер Жүсіп атаның сопылық дәстүрде шейх-ишандық ұстаныммен рухани сабақтастықты жалғастырған тұлға екенін де айғақтайды.

Қолжазбада Қожа Ахмет Ясауидің қарындасы Бибі Хубра ханымнан тараған ұрпақ ретінде Жүсіп атаның есімі аталып, оның Ясауимен туыстық (сүт бауыр – «хемшире») және рухани байланысы көрсетіледі. Сонымен қатар, Жүсіп атаның лақап аты ретінде «Ғашық ата» деп аталуын Ахмет Ясауидің өзі бергендігі жазылған.[4] Бұл атау оның Аллаға деген махаббатқа толы сопылық жолдағы ұмтылысын, «ғашық» (иләһи ғашық) мәртебесіне жеткендігін аңғартады. Ясауи жолында Аллаға ғашықтық - негізгі рухани тәжірибе мен зейін нысаны болып табылады. Бұл термин Ясауи хикметтерінде де жиі кездеседі және фәна, зікір, рухани тазару ұғымдарымен тығыз байланысты.

Қолжазбаның нақты жазылған мерзімі көрсетілмегенімен, ішкі мазмұн мен материалдық сипаттардан оның шамамен XVIII ғасырларда көшірілген нұсқасы болуы мүмкін деген болжам айтуға болады. Мұндай қолжазбалар көбінесе діни орталықтарда Бұхара, Самарқан, Хиуа сынды қалаларда қолжазба шеберханаларында (катибхана) көбейтіліп отырған.

Қолжазба хронологиялық және тақырыптық құрылымға ие. Ең алдымен Жүсіп атаның тегі мен рухани шежіресі (насабнамасы) баяндалады. Одан кейін оның рухани ұстаздары мен қызмет еткен ортасы, тариқаттағы орны және сопылық жолдағы әрекеттері егжей-тегжейлі сипатталады.

Ғашық Жүсіп ата қолжазбасы Қожа Ахмет Ясауидің насабнамасының құрылымдық және мазмұндық жағынан ұқсас. Алайда бірқатар ерекшеліктері де бар. Мәселен, Жүсіп атаның насабнамасы екі жақтан – әке жағынан Омар ибн Хаттаб (р.а.), ана жағынан Әли ибн Әбу Талиб (р.а.) арқылы беріледі. Бұл – сопылық әдебиетте сирек кездесетін, ерекше рухани сабақтастықты білдіретін тарихи конструкция. Сондай-ақ, бұл қолжазбада Қожа Ахмет Ясауидің қарындасы Бибі Хубра ханымнан тараған ұрпақ ретінде Жүсіп атаның есімі аталып, оның Ясауимен туыстық сүт бауыр екендігі – «хемшире» және Иқан өңірінде әкім ретінде қызмет атқарғаны нақты дерек ретінде де көрсетілген [4]. Мұндай тарихи, генеалогиялық және сопылық сипаттағы мәліметтер өзге қолжазбаларда толық кездесе бермейді.

Қолжазбада Жүсіп атаның рухани жетілу сатыларынан өткендігі шарифат, тариқат, мағрифат, хақиқат жолынан өткен тұлға екені айтылады. Мұның барлығы Ясауи мектебіне тән рухани кемелдену жолдарын көрсетеді, Жүсіп атаның Ясауи ілімінің тікелей шәкірті ғана емес, идеялық жалғастырушысы. Мәтінде Ясауиден тікелей рухани тәрбие алғаны, 12 жыл бойы оның күйеу баласы Ғабдулла Шуридаға қызмет еткені жайлы да жазылған. Сонымен бірге, Жүсіп ата Қожа Ахмет Ясауи тарапынан «Ғашық ата» деген лақапқа ие болған. Бұл – оның сопылықтағы ишқ (иләһи махаббат) жолына бой ұрғанын білдіреді. Ясауи дәстүрінде бұл атау – ерекше рухани мәртебе. Жүсіп атаның «Ғашық ата» деп аталуын қолжазбада Ахмет Ясауи өзі қойғаны жайлы жазылған [4].

«Ғашықтық» (араб. 'ишқ) - махаббат, сүйіспеншілік дегенді білдіреді [7: 331]. Бұл Жүсіп атаның Аллаға деген шексіз сүйіспеншілікпен (иләһи ғашықтықпен) ерекшеленгенін, Ясауи іліміндегі ғашықтық жолының жарқын өкілі болғанын білдіреді. Бұл ұғым – Ясауи мұраларында жиі кездесетін, рухани тәжірибенің биік сатысын білдіретін тұжырым. Жүсіп атаның ғашықтық

ұстанымы – Хаққа жетудің ең терең жолы ретінде сипатталады. Ясауи хикметінде келтірілгендей:

«Ғашық жыры сыймас Достың сарайына,

Жүмілә ғашық жылап барар пәнәйына...» деген жолдар сопылықтағы ғашықтықтың негізгі маңызын көрсетеді.

Бұл жолдар мен қолжазбадағы деректер арасында тікелей рухани үндестік байқалады. Қолжазбада Жүсіп атаның рухани тегі Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) барып тірелетін шежіре ретінде берілуі, оны тек тарихи-генеалогиялық дерек емес, рухани сабақтастықтың көрінісі деп қарастыруға негіз бар. Шежіреде төрт халифа – Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли (р.а.) – арқылы берілуі де шариғат пен тариқаттың тұтастығын көрсетеді. Сонымен қатар, Хызыр ата, Сұлтан Хожа Ахмет, Шахабуддин Сухраварди, Баязид Бистами, Жағфар Садық, Имам Зайн ул-Ғабидин, Хасан ибн Әли сынды тұлғалардың аталуы – тариқат ілімінің үзілмейтін ұстаздық тізбегін (силсила) айғақтайды [4].

Қолжазбадағы мазмұн мен Ясауи мұраларының рухани тұжырымдар арасында терең идеялық ұқсастық байқалады. Екеуінде де ғашықтық, нәпсіні тәрбиелеу, зікір, тақуалық, ұстазға мойынсұну секілді сопылық құндылықтар басты орын алады. Қолжазбада сипатталғандай, Жүсіп ата – Ясауи жолын жалғаушы, әрі рухани тәрбие беруші ұстаз. Оның өмірінен келтірілген эпизодтар, мысалы, Хакім атаны алып келу оқиғасы – ұстазға деген құрметтің, тариқат жолына адалдықтың символы ретінде ұсынылған. Ғашық Жүсіп ата қолжазбасында сопылық ілімнің өзегін құрайтын ұғымдар кеңінен қамтылған. Атап айтқанда, фәнафиллаһ (Жаратушыға жақын болу), бақабиллаһ (Алламен болу), зікір (Жаратушыны еске алу), тағат (бойсыну), тариқат (рухани жол) ұғымдары Жүсіп атаның өмірі мен қызметі арқылы баяндалады. Жүсіп атаның тұлғасы мен қызметі арқылы сопылық ілімі, ұстаздан шәкіртке, әрі қарай ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын рухани сабақтастық көрінісі.

Қожа Ахмет Ясауи ілімінде ғашықтық концептісі «ғашықтық» ұғымы – сопылық танымның өзегі, рухани кемелдікке жетудің басты тұжырымы ретінде қарастырылады. «Ғашықтық» (араб. 'ишқ) – адамның Жаратушыға деген шексіз сүйіспеншілігі мен іңкәрлігін білдіретін терең рухани хал. Бұл ұғым Ясауи дәстүрінде Аллаға жақындау жолындағы негізгі рухани күй ретінде сипатталады. Ясауидің «Диуани Хикметінде» жиі қайталанатын «ғашық» образы, оның құдайлық сыр мен ілімге қол жеткізудің алғы шарты ретінде көрінеді. Ғашықтық - шариғат, тариқат, мағрифат, хақиқат сатыларымен кемелдене түсетін рухани тәжірибе. Бұл махаббат – дүниелік немесе адамға бағытталған сезім емес, керісінше, иләһи болмысқа деген ынтызарлық, адамның өз «менінен» арылып, Хаққа толық берілуі. Бұл жағдай Ясауи дәстүрінде фәнафилләх (Аллаға жақын болу) ұғымымен тығыз байланысты. Ғашықтық күйдегі тұлға – «ғашық» – Ясауи ілімінде өз нәпсісін жеңген, Алланың затына шексіз берілу күйіне жеткен адам. Мұндай рухани мәртебеге жеткен адам дүниенің өткіншілігін мойындап, Хақтың мәңгілік нұрымен тұтастық табады. Бұл тұрғыда Ясауи хикметтеріндегі:

«Ғашық жыры сыймас Достың сарайына,

Жүмілә ғашық жылап барар пәнәйына.

Жеті тозақ төзбес ғашық арайына,

Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар.

Шын ғашықты көрсет маған, сағынды жан,

Ара кессе – Зәкәриядай тәлім қылам.

Бәле келсе – Аюб құсап сабыр қылам,

Не қылсаң да ғашық қылшы, Пәруардигар» – деген жолдар, нағыз ғашықтықтың сабырлықпен берілуге негізделетінін аңғартады [5: 50].

Ғашық Жүсіп ата қолжазбасы мен Қожа Ахмет Ясауи мұраларының арасында рухани үндестік ең алдымен идеялық және мазмұндық жақындықтары көрінеді. Екеуінің де негізгі өзегі

– сопылықтың рухани құндылықтары, Аллаға деген махаббат (ғашықтық), нәпсіні тәрбиелеу, кемелдікке жету жолындағы күрес. Сол сияқты Жүсіп ата да адамның рухани дәрежесі Аллаға деген махаббатпен өлшенеді деп түсіндіреді.

Нәпсімен күрес үндестігі Ғашық Жүсіп ата қолжазбасында да нәпсіні тыю, оны тәрбиелеу – рухани кемелдікке жетудің басты шарты. Ғашық Жүсіп ата қолжазбасында: нәпсі түрлі бейнеде кейде айлакер, кейде сылтауратушы суреттеліп, оны жеңу жолдары баяндалады. Ясауи хикметтерінде: нәпсіні «дұшпан» ретінде сипаттай отырып, оған қарсы күрес – сопының басты міндеті ретінде беріледі. Ясауидің дәстүрінде пірсіз жүрілген жол – жолсыздық [6: 29]. Жүсіп ата да осы бағытты ұстанады. Ол да рухани жолда ұстаздан тәлім алудың маңызын ерекше атап өтеді. Екі еңбекте де түркілік поэтикалық дәстүрмен жазылған сопылық насихат бар. Қарапайым, түсінікті тілмен халыққа жеткізуді мақсат етеді.

Ғашық Жүсіп ата қолжазбасы-қазақ даласындағы сопылық ілімнің жүйелі түрде қалыптасып, дамығанын айғақтайтын ерекше құнды жазба мұра. Қолжазбада Жүсіп атаның Түркістан өңіріндегі, соның ішінде Иқан, Жүйнек, Қошқорған, Шаға, Созақ сияқты маңызды сопылық орталықтармен байланысы көрсетіледі. Бұл аймақтарда оның халықпен етене араласып, рухани қызмет атқарғаны, мешіттер салдырғаны және су мен жер үлестіру арқылы рухани билік жүргізгені айтылады. Бұл – тек дін қызметкері емес, қоғамдық жетекші ретінде де оның орны ерекше болғанын көрсетеді.

Қолжазбада көрсетілгендей, Жүсіп ата тек Ясауидің шәкірті ғана емес, сонымен бірге сопылық жолдың көрнекті өкілі, тариқат мұрасын насихаттаушы тұлға ретінде сипатталады. Оның Хакім атамен, Ғабдулла Шуридамен, Қожа Ахмет Ясауимен болған оқиғалары– түркі сопылық дәстүріндегі рухани сабақтастық пен ұстаз–шәкірт жүйесінің айқын дәлелі. Бұл үлгі сопылықтың тарихи-мәдени миссиясының үзілмей жалғасқанын, бір ғана рухани ілім емес, өркениетті қалыптастырушы күш болғанын көрсетеді.

Қолжазбада сипатталған халықтың рухани жетекшісін құрметпен күтіп алуы, оларға баталар берілуі мен елге әділеттілікпен әкім тағайындалуы – сопылықтың тек жеке руханиятпен шектелмей, қоғамдық кеңістікте де маңызды рөл атқарғанының дәлелі. Қолжазбадағы деректерге сүйенсек Қожа Ахмет Ясауи сол заманда Яссы қаласының әкімі қызметін атқарған екен. Әкімнің бұйрығымен Жүсіп ата Иқан ауылына өкіл болып жіберіліпті. Ол кезде Иқан ауылы өзінің жүзімдерімен барлық елге танымал болған. Ахмет Ясауи Иқан жеріне келгенде Жүсіп ата оған жүзімнің он екі түрінен ұсынып алып шыққаны да баяндалады [4].

О. Дастанов: «Әулиелі жерлер атты шындық» атты еңбегінде: «Жүсіп осы «Ихан» жерін мекендеген ірі феодал екен. Қожа Ахмет Ясауиге жиендік жағынан жақындығы болуымен қатар оның қолдаушысы болған» деп жазады [8: 35].

Зерттеу нәтижесі

Қолжазба бүгінге дейін ғылыми айналымға толық еңбеген тың дереккөз болып табылады. Оның мазмұны тек Ясауи жолының жалғасуын ғана емес, сонымен қатар сопылық ілімнің нақты тарихи және географиялық кеңістікте қалай өмір сүргенін бейнелейді. Шағатай тіліндегі, араб графикасында жазылған бұл жазба – мәтінтану, сопылық философия, генеалогия, ислам діні тарихы, ортағасырлық түркі әдебиеті сияқты бірнеше ғылым салалары үшін бірегей зерттеу нысаны. Ғашық Жүсіп ата қолжазбасы Ясауитану ғылымының дамуында ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде Ясауи жолын тек тарихи немесе әдеби мәтін ретінде ғана емес, тұтас мәдени-рухани кеңістік ретінде зерттеу маңызды болып отыр. Бұл қолжазба арқылы Ясауи ілімінің шынайы өмірде қалай жүзеге асқаны, шейхтық жүйенің қызметі, тариқаттағы рухани басшылық механизмі айқындалады. Сонымен қатар, қолжазбада сипатталған діни-философиялық категориялар, әулиелік феномені, ғашықтық жолының концепциясы, ұстазға адалдық мәселесі — барлығы Ясауи ілімінің мәнін заманауи ғылымда тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Жүсіп ата сияқты тұлғалардың еңбектері – ұмыт қалған, бірақ қайта жаңғыртуды қажет ететін рухани байлық. Бұл – ұлттың өз болмысын іздеудегі маңызды рухани бағдар.

Қорытынды

Ғашық Жүсіп ата қолжазбасы Ясауи ілімінің жалғастығы мен ықпалын дәлелдейтін бірегей дереккөз. Ондағы сопылық түсініктер, шежірелік құрылым, рухани және тарихи сабақтастық – Ясауи мәдени-рухани кеңістігін зерттеуде таптырмас мұра болып табылады.

Қорыта айтқанда Ғашық Жүсіп атаның қолжазбасы – Ясауи дәстүрін жалғастырған сопылық мұра. Бұл жазба арқылы біз сопылық жолдың тарихи жалғастығын, Аллаға деген махаббатқа негізделген рухани таным тереңдігін көреміз. Ясауитану ғылымында бұл жазбаның орны ерекше. Алдағы уақытта қолжазбаны толық зерттеп, ғылыми айналымға енгізу – қазақ руханияты мен исламтану ғылымы үшін маңызды іс болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Мавзолей Ходжа Ахмада Ясави. Mausoleum of Khoja Ahmad Yasawi / Құрастырушылар: Ә.Қ. Муминов, М.Б. Қожа, С. Моллақанағатұлы, М.Ж. Садықбеков, Ж.М. Нұрбеков. – Алматы: «Эффект» ЖШС, 2013. 208 б.,
2. Altıntaş H. Tasavvuf. A.b.İ.F.D., Cilt: XXXI., Ankara üniversitesi Basımevi. Ankara, 1989. - 83 ss;
3. Hazini. Cevahir-öl Ebrar min Amvac-il Bihar. Haz: C.Okuyucu. - Kayseri: - 1995.- 56 s.
4. Ғашық Жүсіп ата туралы қолжазба, Насабнама. Түркістан қаласының тұрғыны Сайидалим Нұршиддин ұлының үйінде ата-бабалардан жеке қорында сақталған қолжазба, Түркістан қаласы, Н.Төреқұлов көшесі 74.
5. Нұржан С. Диуани Хикмет 1993. - 450 б.
6. Бустан ул-мухиббин. Баспаға дайындағандар: Д.Т. Кенжетай, Ұ.Д. Жүнісбаев, Б.С. Қорғанбеков, Ш.Д. Жүнісбаев. – Шымкент: South Print Corporation, 2022. – 600 б.
7. Кенжетай. Д. Қожа Ахмет Ясауи дүние танымы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. - 360 б.
8. Дастанов О. Әулиелі жерлер туралы шындық. 1967 ж.

REFERENCES

1. Qoja Ahmet İsaui kesenesi. Mavzolei Hoja Ahmada İsaavi. Mausoleum of Khoja Ahmad Yasawi / Qūrastyruşylar: Ä.Q. Muminov, M.B. Qoja, S. Mollaqanağatüly, M.J. Sadyqbekov, J.M. Nürbekov. – Almaty: «Effekt» JŞS, 2013. 208 b.,
2. Altıntaş H. Tasavvuf. A.b.İ.F.D., Cilt: XXXI., Ankara üniversitesi Basımevi. Ankara, 1989. - 83 ss;
3. Hazini. Cevahir-öl Ebrar min Amvac-il Bihar. Haz: C.Okuyucu. - Kayseri: - 1995.- 56 s.
4. Ğaşyq Jüsıp ata turaly qoljazba, nasabnama. Türkistan qalasynyñ tūrğyny Saiidalim Nūrşiddin ülynyñ üiinde ata-babalardan jeke qorynda saqtalğan qoljazba, Türkistan. N.Töreқūlov köşesi 74.
5. Nūrjan S. Diuani Hikmet 1993.- 450 b.
6. Bustan ul-muhibbin. Baspağa daiyndağandar: D.T. Kenjetai, Ū.D. Jünisbaev, B.S. Qorğanbekov, Ş.D. Jünisbaev. – Şymkent: South Print Corporation, 2022. – 600 b.
7. Kenjetai. D. Qoja Ahmet İsaui dünıe tanymy. - Almaty: «Arys» baspasy, 2008. -360 b.
8. Dastanov O. Äulieli jerler turaly şyndyq. 1967 j.